

СПОРТ

Жер Шары эстафетасы

14-наурыз



Париж-2024 Олимпиадасын ұйымдастыру комитеті, Францияның Еуропа және сыртқы істер министрлігі және Францияның Қазақстандағы елшілігі 2023 ж 14-наурызда достық, құрмет, үздіктік, әділдік, тиянақтылық, инклюзивтілік және қайраттылық құндылықтарын насихаттау мақсатында Ойындардың ашылуына 500 күн қалғанда «Жер шары эстафетасы» атты шараны ұйымдастырады.

Спорттық шара 24 сағаттық белдеумен жылжитын 24 сағаттық әуесқой жүгіру эстафетасынан тұрады. Эстафета әлемнің қырық шақты қаласында өтеді: жарыс Жаңа Зеландиядан басталып, Океания, Азия, Еуропа және Америка елдерінен өтіп, Таитиде, Француз Полинезиясында аяқталады. Осылайша Қазақстан эстафетаны Шри-Ланкаға бермес бұрын Бирма мен Тайландтан алады.

Алдыңғы «Жер шары эстафетасы» 2022 ж 6-сәуірде Халықаралық спорт күніне орай өтті. Астанадағы «Қазақстан» стадионында шараға жүзге жуық Шарль де Голль француз мектебінің, Француз Альянсының және Құрманов атындағы №17 мектебінің оқушылары, спорт вице-министрі және көптеген қазақстандық чемпиондар қатысты.

Биыл эстафета Алматыда спорттық дайындау кешенінде өтеді (Абай даңғ., 159). Атап айтқанда, оған Есенберлин атындағы №25 мектептің, №15 мектептің, Алматы қаласының Халықаралық мектебінің және «Almaty Judo Club» дзюдо клубының оқушылары қатысады. Сондай-ақ, жастар қазақстандық олимпиадалық командалары мен француз жаттықтырушылары тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейтін спорттың екі түрі – дзюдо мен каратэнің көрсетілімдерін тамашалай алады. Іс-шара 2024 жылғы Олимпиада бағдарламасына енетін брейк-данс спорт түрімен аяқталады.

Бағдарлама:

08:00-08:15: Қатысушыларды қарсы алу, нұсқаулар

8:30: Франция Бас консулы, Мәдениет және спорт министрлігі және әкімдік өкілдерінің сөзі

09:00: Бирма, Таиланд және Қазақстан арасындағы эстафетаны виртуалды беру

9:10: Эстафеталық жарыстардың басталуы

9:40: Төзімділік жарысының басталуы

10:00: Эстафетаны Қазақстаннан Шри-Ланкаға виртуалды беру

10:10: Дзюдо көрсетілімі

10:20: Каратэ көрсетілімі

10:30: Брейк-данс көрсетілімі

10.45: Медальдар мен сертификаттарды табыстау; Қазақстан чемпиондарымен фото және автографтар уақыты

11:00: Қатысушыларға арналған ас-шай

Алматыда спорттық шара туралы ақпарат алу үшін елшіліктің парақшаларына жазылыңыз: [@franceaukz](#) (Instagram), [@Ambassade de France au Kazakhstan](#) (FB) және [@AmbaFranceKZ](#) (Twitter).
Жер шары эстафетасын Twitter-де табу үшін: [Paris 2024](#).

